

[illegible]

Азаматтардың жеке санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету Ережесі

1. Осы Ережелер азаматтардың жеке санаттарына біржолғы әлеуметтік көмекті тағайындаудың және төлеудің тәртібін айқындайды.

2. Біржолғы көмек алуға, Петропавл қаласында тұратын, Ұлы Отан соғысы-ның қатысушысы деген мәртебесі бар, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғалар, Ұлы Отан соғысының мүгедегі деген мәртебесі бар, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғалар және жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша соғысқа қатысушыларға теңестірілген басқа да тұлғалар санаттарының құқығы бар.

3. Әлеуметтік көмек ең алдымен Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығы мерекеленуіне байланысты, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне тағайындалады.

Әлеуметтік көмектің тағайындалуы, Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар Бөлімі арқылы, мынадай құжаттардың негізінде жүзеге асырылады :

1) қосымшаға сәйкес белгіленген үлгідегі өтініш;

2) осы санатқа жататынын растайтын құжат;

4. Әлеуметтік көмек, алатын көмектің басқа түрлеріне карамастан біржолға тағайындалады .

5. Әлеуметтік көмектің мөлшері 24 мың теңге сомада, материалдық қолдау көрсету жөніндегі қосымша шара ретінде белгіленеді.

6. Біржолғы әлеуметтік көмекті төлеу, заңнамада белгіленген тәртіппен келісім-шарт жасалған екінші деңгейдегі банкілер арқылы, алушылардың ашылған жеке шоттарына сомаларды аудару үшін, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің берген ведомостінің негізінде жүргізіледі.

7. Азаматтар жеке санаттарына көрсетілетін біржолғы әлеуметтік көмекті қаржыландыру "Жергілікті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік көмек" 007-000 жіктеу функционалдық коды бойынша жүргізіледі.

Азаматтардың жеке санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету Ережелеріне қосымша.

Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы

Н.Н.Кушталоваға

Біржолғы әлеуметтік көмек тағайындау туралы

ӨТІНІШ

ФАМИЛИЯСЫ _____

АТЫ _____

ӘКЕСІНІҢ АТЫ _____

МЕКЕН-ЖАЙЫ _____

ТЕЛЕФОНЫ _____

ТӨЛҚҰЖАТТЫҢ НЕМЕСЕ ЖЕКЕ БАСЫ КУӘЛІГІНІҢ НӨМІРІ _____

БЕРІЛГЕН КҮНІ _____ КІМ БЕРГЕН _____

СТН (РНН) _____

ЖЕКЕ ШОТЫНЫҢ НӨМІРІ _____

_____ БАНК ФИЛИАЛЫНДА.

Маған (_____) теңге мөлшерде

біржолғы әлеуметтік көмек тағайындауыңызды сұраймын.

ӨТІНІШ БЕРГЕН КҮНІ _____ ӨТІНІШ БЕРУШІНІҢ ҚОЛЫ _____

Өтініш беруші берген құжаттардың шүбәсіздігін растаймын:

(аты-жөні фамилиясы қолы)